апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 31/571

03 августа 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

*Айшықты мереке*

## ҚАЛА КҮНІ МЕРЕКЕЛЕНДІ

Өткен сенбі күні қаланың мерекелік алаңында қала күні тойланды. Мерекеге қала тұрғындары, мекеме, кәсіпорындар ұжымдары, қаладағы әскери бөлімдердің әскери қызметшілері мен мемлекеттік қызметкерлер қызметкерлері, мектеп оқушылары мен қала қонақтары көптеп келді. Қала күніне арналған арнайы ісшараны қазақ тілінде Жансерік Сатыпалды, орыс тілінде Гүлғана Галямова салтанатты ашу сөзінен кейін-ақ жиналған халық ду қол шапалақтаумен мереке көрігін қыздыра түсті. Биыл елімізде Астана қаласының 20 жылдық мерекесі аясында төртінші рет «Айбын-2018» республикалық әскери-патриоттық жастар жиыны Қарағанды облысының «Спасск» оқу плигоны орталығында өткен болатын. Аталмыш ісшараға Приозерск қаласынан әскери-патриоттық клубтар қатысып, жоғары деңгейден көрініп келгенінен хабардармыз. Осы жетістікке орай марапаттау рәсімі болды.




жүргізді. Меркелік алаң сахнасы мейрамға сай әсем безендірілген және ойналып тұрған көңілді музыка әуенін естіген ел кешке қарай сол маңға топтала бастады. Салтанатты кеш басталарда қазақтың көңілді әні «Алтынай» көк жүзіне шарлап бара жатты.

–Приозерск қаласы көптеген ұлт пен ұлыстар өкілдерінің басын біріктірген, ынтымақтастықтың, бірлік пен бейбітшіліктің қаласы болып саналады. Себебі, бұл қалада бір мемлекет азаматтары ғана емес, екі мемлекет – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтары жарасымды ғұмыр кешуде. Өзара түсінушілік пен татулықтың тал бесігіндей болған ару қаламыздың іргесі берік болып, шаңырағы кеңейе берсін! Ауызбірлік пен татулық бар жерде береке мен ырыс та мол болмақ. Осыған орай қаламыздың туған күні тағы да құтты болсын дейміз!, деп сөз бастаған кеш жүргізушісінің




Бұдан әрі мерекелік жиынның көрігін аймағымыздан арнайы келген көркемөнерпазардың концерттік бағдарламасы жандандыра түсті. Халықаралық конкурстардың лауреты Асхат Игембеков сахына шымылдығын «Мой город» әнімен ашты. А.Арғынбай мен М.Тазабеков дуэті «Бір ел болса» әнін нақышына келтіре орындады. Сондай-ақ осынау кеште Г.Галямова, «Хан» триосы, «Алтынай» би тобы, Ерғанат Садвокасов пен Жанбота Амиртаева дуэті, Арсен Арғынбай, Индира Балкеева, Гүлғана Галямова дуэті, Ж.Сатыпалдылар әртүлі әндер мен билерден шашу шашып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Концерттің соңына қарай қаламыздың әнұранына айналған «Приозерск» әні шырқалып, оған қала тұрғындары түгел дерлік қосына айтып, аланды жаңғыртып тұрды.

Қала күніне арналған мерекелік кештің соңында салтанатты отшашу көкке шашылып, жастардың би кешіне ұласты. Приозерск қаласы – қарыштап дамыған мемлекеттің, екі ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына жинаған мәңгілік достықтың символы. Сондықтан да Қазақстанның жүрегі мәңгі соғып, Приозерск қаласы жылдан жылға көркейіп, гүлдене берсін!, - деген тілекпен қала күніне арналған думанды кештен қала тұрғындары көтеріңкі көңіл-күймен үйлеріне тарасты.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**



## УТВЕРЖДЕНА КОНЦЕПЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В РЕЛИГИОЗНОЙ СФЕРЕ

**Глава государства подписал Указ «Об утверждении Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы» №500 от 20 июня 2017 года.**



Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 – 2020 годы разработана Министерством по делам религий и гражданского общества.

Основной целью Концепции является повышение эффективности государственной политики в религиозной сфере, направленной на совершенствование государственно-конфессиональных и межконфессиональных отношений, укрепление светских устоев государства и недопущение использования религии в деструктивных целях.

В Концепции определены три основных приоритета развития государственной политики в религиозной сфере.

Первым является совершенствование законодательства и регулирование взаимодействия государства с религиозными объединениями.

Второе - укрепление светских принципов развития государства. «Светское устройство государства – важное историческое достижение народа Казахстана», – отмечается в документе.

Концепция предусматривает обеспечение гарантированных законодательством прав граждан на свободу совести и уважение религиозных убеждений, а также условий для полноценного функционирования религиозных объединений и недопущение деятельности деструктивных религиозных течений, подрывающих национальную безопасность, конституционные основы государства и способствующих радикализации отдельных групп населения.

Третьим приоритетом выступает развитие системы противодействия религиозному экстремизму и деятельности деструктивных религиозных течений.

В борьбе против терроризма и религиозного экстремизма важную роль играет формирование у граждан иммунитета к деструктивной религиозной идеологии. В этих целях предусмотрено активное привлечение представителей неправительственных организаций, деятелей культуры и спорта к информационно-разъяснительной работе.

В данном документе также конкретизируются сферы ответственности и компетенция центральных государственных и местных исполнительных органов, институтов гражданского общества по вопросам реализации государственной политики в религиозной сфере. Предусматривается комплексная работа во всех сферах – образовании, культуре, спорте, СМИ, здравоохранении, институтах семьи и брака.

Реализация указанных приоритетов будет осуществляться до 2020 года, по ее итогам ожидается укрепление в общественном сознании базовых светских ценностей, достижение в обществе нулевой терпимости к любым действиям, связанным с радикальными и экстремистскими проявлениями.

**Концепция призвана обеспечить укрепление стабильности и безопасности в Казахстане в контексте новых геополитических реалий, внутренних и внешних вызовов.**

**источник: Elorda.info.**

## В МИНТРУДА РК ОТВЕТИЛИ НА КРИТИКУ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

**Вице-министр труда и социальной защиты населения Светлана Жакупова на пресс-конференции в Правительстве прокомментировала обрушившуюся на ведомство критику в связи с информацией об обязательном отчислении 10% в ЕНПФ от дохода, полученного в результате продажи недвижимого имущества и автомобиля, передает корреспондент Kazpravda.kz.**



"Многие сейчас пишут, что государство в три шкуры обдирает, заставляет платить пенсионные взносы – это не так", – заявила Светлана Жакупова.

Чтобы подтвердить свои слова, вице-министр привела пример на основе "простой математики".

"Допустим, один человек по договору легально указал свой доход в пределах одной мини-мальной заработной платы. 10 процентов от одной минимальной заработной платы составляет 2 824 тенге. Предполагаем, что он законопослушный и с завтрашнего дня начнет платить эти взносы. Возьмем даже 30 лет. 360 месяцев он будет платить по 2 824 – это получается в пределах 1,1 миллиона тенге на протяжении 30 лет. В 63 года он выходит на пенсию и будет получать 28 284 тенге, пусть даже на протяжении 10 лет, хотя средняя продолжительность жизни после пенсии у нас 17 лет. Если 10 лет ежемесячно он будет получать по 28 284 тенге, то это составит порядка 3 миллионов тенге. То есть он внес 1 миллион, государство ему дает три. Это считается, что государство обдирает своих граждан? Я просто хочу на этих цифрах донести и показать, что нельзя допускать таких толкований".

В связи с этим Светлана Жакупова призвала культивировать в обществе "правильные месседжи" на тему пенсионных отчислений.

**источник: www.kazpravda.kz**

*Составная часть общественного сознания*

# КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ И РЕЛИГИЯ

**Ключевой концепт**

**«Наша молодежь должна расти приверженной таким высоким ценностям, как честь, верность долгу, порядочность, созидание во имя процветания нашей Родины. Требовательность в отношении себя, честность в отношении окружающих, верность в отношении страны – вот ключевые моменты в воспитании подрастающего поколения».**

**«Фундамент казахстанского патриотизма – это равноправие всех граждан и их общая ответственность за честь Родины».**

**«Новый казахстанский патриотизм – это то, что должно объединять все общество, вне этнических различий. Новый казахстанский патриотизм – основа успеха нашего многонационального и много конфессионального общества».**

*Из выступлений Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева*

*****

Патриотическое воспитание выступает неотъемлемой частью развития всего гражданского общества на пути его движения к устойчивому и стабильному прогрессу.

В Конституции Республики Казахстан одним из основополагающих принципов государства представлен казахстанский патриотизм.

Если обратиться к словарю Даля, то поня-тие «патриотизм» предполагает такие значения: «любитель отечества», «ревнитель о благе его», «отчизнолюб», «отечественник или отчизник».

Несомненно, что истоки патриотизма начинаются с любви к своей семье и к своей родине.

Казахстанский патриотизм – это нравственный и политический принцип, социальное чувство, качество гражданина и человека, проявляемые в любви и верности к своему Отечеству.

Патриотизм предполагает гордость человека за достижения своей страны, за богатейшую и многогранную культуру своего полиэтноконфессионального казахстанского народа, желание сберечь и сохранить его историю и духовные традиции, стремление защищать интересы Родины и своего народа.

Исторический источник патриотизма – веками и тысячелетиями закрепленное существование обособленных государств, формирующее привязанность к родной земле, языку, традициям, культуре и религии.

В условиях образования наций и образования национальных государств патриотизм становится составной частью общественного сознания, отражающего общенациональные моменты в его развитии.

Патриотизм – идеология, характерной чертой которой является возвышенное отношение к символам социальной группы, к которой относится человек.

Представления о патриотизме связываются с трепетным отношением к историческим событиям, памятникам, символике, культурным различиям и великим предкам. Представление о сущности патриотизма у разных людей разное. По этой причине одни люди считают себя патриотами, а другие себя таковыми не считают.

Важно, чтобы цели государства и гражданина совпадали по всем основным направлениям. Это и есть главная задача казахстанского государства. Ибо граждане доверяют государству только тогда, когда есть перспектива, есть возможности для развития, личного и профессионального роста.

Государство и народ должны это осознавать и работать вместе. Надо воспитывать в себе и формировать у подрастающего поколения чувство родины, любви и гордости к своей земле, народу и стране, к достижениям своего государства, ибо это и есть краеугольные составляющие казахстанского патриотизма.

Патриотизм формирует человека полноценным гражданином своего государства, связывая его с Родиной, этносом, его культурными и религиозными корнями, то есть со всем тем, что важно и свято для любого человека как гражданина своей страны.

Настоящий патриот – это высоко одухотворенный человек. А, как известно, такими личностями не рождаются, а становятся в процессе жизнедеятельности и труда, в ходе общения и сотрудничества со сферой ближайшего окружения, взаимодействия с окружающим миром.

В этом ряду особое место занимает независимость казахстанского государства, которая являлась вековой мечтой народа и свершилась на стыке двух тысячелетий, символизируя собой высокие чувства его народа – патриотизм.

Высокое и священное понятие независимости любимой Родины выступает основой единства и общенациональной идеи Казахстана, призванной объединить все этносы в один народ – казахстанский, что, безусловно, станет бесценным достоянием последующих потомков, которым предстоит дальнейшее созидание будущего своей страны, устремленной на десятилетия вперед.

Важно подчеркнуть, что воспитание патриотизма начинается с государственного языка, который стал таким же незыблемым символом государственности, как гимн, флаг и герб. Поэтому стало аксиомой, чтобы быть патриотом своей страны человеку, особенно молодому, нужно начинать с самого себя, овладевать языками, в первую очередь, государственным/казахским языком.

Высокая духовность составляют фундаментальную основу казахстанского патриотизма, являясь живым источником морали и нравственного здоровья человека и общества, его жизнеспособности, энергии и силы, особенно сильно проявляющихся в переломные периоды развития, в годы трудных испытаний.

В этом процессе важное место занимает религия, исконно определявшая высокие моральные принципы личности, прививавшая в ней сознание глубокой ответственности и любви к окружающему миру.

В исследованиях ряда ученых-исследователей отмечается, что патриотизм верующих людей определяется глубиной их веры, зависящей от уровня развития личности, сознания молодого человека.

Именно масштаб личности человека позволяет ему ощутить связь с Богом, приблизиться к нему, пережить духовный опыт, воспринимать окружающий мир как Священное, Божественное пространство, которое он глубоко любит. Наиболее ярко выражен патриотизм у глубоко верующих людей.

К Исламу относят слова, сказанные Пророком Мохаммедом: «Любовь к Родине – часть веры», что свидетельствует о том, что патриотизм – это одна из важнейших обязанностей мусульманина.

Чувство патриотизма связывает человека с его Родиной, этносом, местом проживания, с его культурными и религиозными корнями, то есть всем тем, что важно и свято для любого человека.

Патриотическое воспитание способствует формированию у личности и общества патриотического сознания, гражданской позиции, осознание своего гражданско-воинского долга и ответственности.

Благодаря возрождению национальной памяти народа, его истории и культуры возродилась духовная составляющая – религия, которая аккумулирует в себе систему общечеловеческих ценностей, составляющих незыблемый остов патриотизма – любовь, уважение, гуманизм, сострадание, преданность, ответственность и т.д.

Главная тенденция современности – адаптирование непреходящих ценностей религии в современную действительность, в практику воспитания и образования подрастающего поколения, главным образом – в формировании в подрастающем поколении казахстанского патриотизма, которые нашли свое надлежащее отражение в принятой на национальном уровне программе, способствующей дальнейшему укреплению в обществе межконфессионального диалога, согласия, толерантности.

Современная действительность свидетельствует, что все больше молодежи приходит в религию в поисках нравственных ориентиров и идеалов, а также ответов на интересующие их жизненно важные вопросы.

Как показывают исследования последних лет, молодых людей интересуют вопросы, связанные с определением их роли и места в жизни. Кто они, эти молодые люди? Чем интересуются? Кем они являются сегодня, какими хотят стать в ближайшем будущем? Как относятся к вере, к культуре, в целом – к законам общественного бытия? Кого они стремятся слушать и почему? Кого избирают в качестве своих духовных наставников и почему? И т.д.

Крайне важно, чтобы именно в этом подростковом и юношеском возрасте – возрасте активного поиска ответов на насущные вопросы бытия, всеми институтами гражданского общества были даны молодежи верные/правильные ответы и определены духовные ценности, среди которых ключевым выступает казахстанский патриотизм.

**ОВП,КиРЯ г.Приозерск**

# БЫТЬ В ТРЕНДЕ ИЗМЕНЕНИЙ

«Послание Президента - оптимистическое. Так как Казахстан является частицей мирового экономического пространства, мы должны всегда не только анализировать, но и быть в фарватере мировых социально-экономических тенденций. В мире идет процесс массовой цифровизации, и Казахстан должен быть готовым к этим крупным изменениям. В этом ключе Послание Президента отвечает на многие вопросы.

В мире происходят крупные изменения в социально-трудовых отношениях. Если взять такие страны, как Китай, Германия, США, то они сейчас строят заводы, где участие людей сведено к минимуму. Там работают роботы. Если до сегодняшнего дня, сознание человека ограничивалось пространством нашей планеты, то сегодня мир устремился к не планетному мышлению. Мы всегда должны быть в тренде таких изменений - вопросы 4-ой промышленной революции очень важны. На мой взгляд, мы должны учитывать нематериальные общественные блага, которые не поддаются «исчислению», но являются одним из главных факторов благосостояния общества и граждан.

Может нам стоит работать над разработкой собственной, казахстанской модели индекса благосостояния благополучия государства, общества и граждан?».




**Ерлан Саиров,**
***заместитель председателя Федерации профсоюзов РК***

*Не поддаваться провокациям*

# ПРОВОКАЦИОННЫЕ ПРИЗЫВЫ АБЛЯЗОВА О ПЛАНИРУЕМЫХ МИТИНГАХ НЕЗАКОННЫ

**В сети Интернет и социальных сетях Аблязовым и другими сторонниками экстремистского движения «ДВК» распространяются провокационные ролики, в которых якобы «жители Казахстана» призывают население Казахстана прийти на митинги и поддержать идеи «ДВК».**

Генеральной прокуратурой установлено, что в этих роликах роли «казахстанских воспитателей и рабочих» сыграли профессиональные актеры из Киева и родственники Аблязова.

Более того, надзорный орган разъясняет, что призывы к участию в митингах прямо нарушают положения Закона «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций».

***Для проведения публичных акций необходимо получить разрешение в акимате путем подачи соответствующего заявления не позднее, чем за 10 дней до намеченной даты ее проведения.***

В этой связи прокуроры напоминают, что митинги будут считаться незаконными и за их организацию и участие в них предусмотрена административная ответственность, вплоть до ареста на 15 суток.

**Генеральная прокуратура призывает народ Казахстана не поддаваться провокациям экстремисткой организации и ее сторонников.**

**ОВП,КиРЯ г.Приозерск**

*За нарушение закона - ответственность*

# ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА УЧАСТИЕ И ПОДДЕРЖКУ ЭКСТРЕМИСТСКОГО ДВИЖЕНИЯ «ДВК»

**В связи с распространением Аблязовым и сторонниками «ДВК» провокационных роликов Генеральная прокуратура вновь напомнила, что судом с 13 марта 2018 года деятельность «ДВК» запрещена на всей территории Республики Казахстан.**

Прокуратура разъясняет, что любое участие в деятельности экстремистской организации «ДВК» и ее финансирование влечет уголовную ответственность в соответствии со статьями 258 и 405 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

Призывы к участию в митингах прямо нарушают положения Закона «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций».

Для проведения публичных акций необходимо получить разрешение местного исполнительного органа путем подачи соответствующего заявления не позднее, чем за 10 дней до намеченной даты ее проведения.

На сегодняшний день таких заявлений на проведение митингов в акиматы не поступало.

В этой связи митинги будут незаконными, за организацию и участие в которых предусмотрена ответственность по статье 488 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, вплоть до ареста на 15 суток.

**Генеральная прокуратура призывает народ Казахстана не поддаваться провокациям экстремисткой организации и ее сторонников.**

**ОВП,КиРЯ г.Приозерск**

# ШӘКӘРІМ – ОЙШЫЛ АҚЫН

*Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 160 жыл*

Шәкәрім – қазақ әдебиетінің класигі, ұлы гуманист, кеменгер, ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі. Ол Абай дәуірінен бастау алатын XX ғасырдың басында кең арнаға түсіп, дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын ту ғып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын ансаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын-адал еңбекті, әділеттілікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық-зомбылықты, қиянатшылдықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой-санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтың түпкі түбегейлі арман-мүделерін терең түсінуден туғаны анық. Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетиялық көз қарастары X1X ғасырдың екінші жартысында негізінен қалыптасты. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл, ақын-жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған, Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды.

Шәкәрім Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында өмірге келген. Әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған. Шәкәрім Абайдың немере інісі болғандықтан одан тәлім, тәрбиені мол алған. Ұлттық дәстүр-өнегесін көріп өскен. Әкесі өмірден өткен соң Шәкәрім Құнанбайдың тәрбиесінде болады. Абайдың ақыл-кеңесін тыңдап, жас кезінен өз бетінше ізденген. Бірнеше тілді (араб, түрік, парсы, орыс) еркін меңгерген. Шәкәрім 1905-1906-жылдары хажыға сапар жасап оралады. Бұл сапарды ол көптен ойлап жүрген мақсаттарының бірі – Стамбул кітапханалардағы асыл мұраларды оқуға, тарих тереңіне үңілуге пайдаланған. Шәкәрімнің дүниеге, өмірге, табиғатқа, сан-сала құбылыс-көріністерге, дінге көзқарасында кейбір қайшылықтар, жеке үстірттіктер, түсінбеушіліктер кездескенмен, ол ешқашан дінге берілген фанатик, өмір қуаныш-рахатынан аулақ болуды уағыздаған тақуа, бәрін жоққа шығаратын нигилист, торығатын спектик, көзқараста идеалист, өмір бағытынта реакционер болған емес. Оның көптеген шығармаларының мазмұны айқындағандай, дүниеге көзқарасында Шәкәрім көбіне рационализмге, денизмге бейім. Бұл философиялық бағыт бойынша дүниені жаратушы бір күш бар дегенді мойындаушылық, оның дәлелі – табиғатың, жаратылыстың келісті жарасымдылығы, жүйелі тынысы мен үнемі қозғалысы: өмірде ақиқат, шындық, білім-ғылым, ақыл мен сезім дамуы арқылы іске асады да дүние ісіне құдай араласпайды, адамның болмысты танып білу мен адам өзін-өзі жетілдіру мүмкіншіліктерінде шек жоқ. Қазақтың ағартушы – демократтары да көбіне осы дүниетанымды, көзқарастарды жақтағаны белгілі. Шәкәрім де солардың ізінде болды.

Шәкәрім-пәлсапалық өлең-поэмаларымен елге танымал болды. Ол өлеңді өнер деп танып, оған биік талап, талғаммен қараған. «Арман», «Жастарға», «Қазақ айнасы», және т.б. өлеңдерінде, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-кебек», «Нартай лақ пен Айсулу» поэмаларында, «Бәйшешек бақшасы», «Өзімшілдік» сынды прозалық туындыларында адамның өмірімен, еңбегі, тағдыры, талап, тілектері терең танылады. Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық,



фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруда, шежірешілдегі-бәрі де өз заманың тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы, жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Ақынның «Еңлік-кебек», «Қалкаман-Мамыр» сияқты дастандарынан халық өмірін терең білетін, сан ғасырлық халық поэзиясының, сөз өнерінің бай дәстүрлерін, бейнелеу тәсілдерін еркін игергенін айқын аңғарсақ, фәлсапалық лирикасына өте күрделі философиялық ойларды әсерлі жеткізудегі ақындық шеберлігін, жаңашылдығын сезініп тәнті боламыз. Шәкәрімнің өлендеріне шығарған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылады. Бұл жағынаналғанда Шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзі әдебиетінде өте сирек құбылыс дей аламыз.

Шәкәрім өзіне Абайдың шыншыл сөздері қатты әсер еткенін тебірене атады. Абайдың салған ізімен жүру бірден-бір дұрыс деген шешімге келеді. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көніл күйі, ішкі сезім әсерлері, махабббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сары күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақылдығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы-жырауларммен қатар арғы-бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және батыс ақындарының шығармаларының өте жақсы білген. Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану салаларындағы түрік тілдегі, орыс тілдегі, араб тіліндегі ғылым еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиған, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты дана адам болған. Ақынның ойшылдығың оның дүние-болмыстың терең сырларын тауып-білуге құмарлығын, мысалы, дүние қалай жаралған деген мәселеге айрықша көніл қойып, тиянақты жауап іздеп, сол арқылы «ен түпкі жаратушы-мінсіз Ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз.

Шәкәрімнің адамгершілік идеялары, арман-мұраттары алуан түрлі адамдардың тағдырын бейнелейтін сюжетті дастандардынан мейлінше толық танылады. Қазақ өмірінен алынған нақтылы оқиғалар негізінде нағыз реалистік сипаттағы «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» секілді поэма жазуы-ақынның ұлттық әдебиетімізге қосқан үлкен үлесі екені даусыз. Осы поэмаларда баяндалып тұрған оқиғалар бір-екі ғасыр бұрын болса да, ақынның заманындағы қазақ өмірінде әлі де кеңінен орын алған типтік жай- жағдайлар болатын. Еңдеше, ақыңның «Еңлік-Кебек» поэмасы хақында бүл «ертегі емес, ертеде болған іс» деп атап көрсетуінің үлкен мәні бар. Шәкәрімнің суреткерлік шеберлігі сан-қилы кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, көңіл-күйін, әсерлі бейнелеумен қатар, сол арқылы халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын, түрлі топ өкілдерінің психологиясын терен ашып көрсетуінен айқын аңғарылады. «Еңлік-Кебек», әсіресе, «Нартайлақ пен Айсулу» дастанынан бұларға қоса ақыннын елдің ертедегі тарихынан мол мағлұматы бар шежірешілдігін де байқаймыз.

Шәкәрім Абайдың ақындық дәстүрлерін қоғамдық өмірдің ең маңызды мәселелерін қозғау жағынан, әсіресе, өнер-білімді, ғылымды уағыздау, надандықты, топастықты, әділетсіздік пен зұлымдықты әшкерлеу, шығыс, орыс әдебиетінінің таңдаулы нұсқаларын насихаттау жағынан ілгері дамытты. Сонымен қатар ол ақындығы, прозашылдығы, ойшылдығы-философиясы, дінге көзқарасы, суреткерлігі, көркемдік ойлау жүйесі, стилі, тіл бейнелілігі, өлен өрнектерін өзгеше түрлендіруі-қай жағынан алсақ та, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі бірден-бір жаңашыл ірі тұлға болды. Шәкәрімнің атын атауға тыйым салынып, шығармалары көп жылдар бойы жабулы жатқаны, ақын туралы сол кезде айтылса, тек оғаш, кате пікірлер ғана айтылып келгені белгілі. Сонда да Шәкәрімнің өлен-жырларын, дастандардын жаттап, жадында сақтап, айтып жүрген адамдар аз болған жоқ. Ал, Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылық мұралары, өлендері мен дастандары, көркем прозасы бірнеше зерттеу еңбектерде, диссертацияларда әр қырынан танылып, баяндалып, бағаланып келеді. Қазіргі кезде бүгінге жазылған, жариялан-ған мақалдар мен зерттеулерді негізге ала отырып, ұлы ойшыл-ақынның мұрасын алдағы уақытта жан-жақты талдап, терендеп тексерудің зәрулігі талассыз. Қай ғылым саласы болсын, ізденіс, зерделеуге ынта- ықылас күшейген сайын, мағлұмат-деректер жинақталып, ой-пікірлер, түйін-тұжырымдар қорланып, ұғым-түсініктер, пайымдаулар терендей түскен сайын жана проблемалар туындайтыны, шешімін табуды тілейтін мәселелер көбейе түсетіні зандылық. Шәкәрім шығармаларын бүгінгі күннің биігінен қарап талдап, бағалау, сөйтіп оларды өз тәуелсіздігін қолына алған еліміздің игілігіне аса беруіне үлес қосу-әрбір зерттеушіге, өнер иесіне де ортақ міндет.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**газеттің арнаулы тілшісі.**

## И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А

**БЕСПЛАТНОЕ ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

✓ ЕЖЕГОДНО ВЫДЕЛЯЕТСЯ СВЫШЕ **140 МЛРД.** ТЕНГЕ НА ПОДГОТОВКУ СПЕЦИАЛИСТОВ С ВЫСШИМ И ПОСЛЕВУЗОВСКИМ ОБРАЗОВАНИЕМ

✓ ЕЖЕГОДНО ВЫДАЕТСЯ СВЫШЕ **49 000** ГРАНТОВ СТУДЕНТАМ ИЛИ КАЖДОМУ **ТРЕТЬЕМУ** ОБУЧАЮЩЕМУСЯ

✓ НА 2018 И ПОСЛЕДУЮЩИЕ ГОДА ДОПОЛНИТЕЛЬНО ВЫДАНО **20 000** ГРАНТОВ

✓ ВСЕ ДЕТИ-СИРОТЫ И ДЕТИ, ОСТАВШИЕСЯ БЕЗ ПОПЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ **ОБЕСПЕЧЕНЫ БЕСПЛАТНЫМ ПИТАНИЕМ В ВУЗАХ**

✓ В РАМКАХ ГРАНТОВ ЕЖЕМЕСЯЧНО ПО БАКАЛАВРИАТУ ВЫПЛАЧИВАЕТСЯ **21 000** ТЕНГЕ, ПО МАГИСТРАТУРЕ **54 000** ТЕНГЕ

✓ ЕЖЕГОДНО ПО ПРОГРАММЕ «БОЛАШАК» ВЫДАЕТСЯ **555** ГРАНТОВ, ЗА **20** ЛЕТ ОБУЧИЛОСЬ **12 200** СТУДЕНТОВ

**ПИТАНИЕ ДЕТЕЙ**

✓ ОБЕСПЕЧЕНЫ ПИТАНИЕМ **442 270** УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ, ИЗ НИХ **280 000** ИЗ СОЦИАЛЬНО-УЯЗВИМЫХ СЕМЕЙ

✓ **В Г. АСТАНА, ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ И АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТЯХ** БЕСПЛАТНОЕ ГОРЯЧЕЕ ПИТАНИЕ ПОЛУЧАЮТ ВСЕ УЧАЩИЕСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

**ОБЕСПЕЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ ЖИЛЬЕМ**

**НА СЕГОДНЯ**

✓ ОБЕСПЕЧЕН МЕСТОМ В ОБЩЕЖИТИИ **68 000** или **КАЖДЫЙ ТРЕТИЙ** ИНОГОРОДНИЙ СТУДЕНТ

**ПЛАНИРУЕТСЯ**

✓ ЗА ТРИ ГОДА ПОСТРОЯТ ОБЩЕЖИТИЙ **НА 75 ТЫСЯЧ МЕСТ**

✓ ЭТО ПОЛНОСТЬЮ РЕШИТ ПОТРЕБНОСТЬ

**ОПЛАТА ТРУДА ПЕДАГОГОВ**

**НА СЕГОДНЯ**

✓ РАЗМЕР ОКЛАДА ВОСПИТАТЕЛЯ ДЕТСКИХ САДОВ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СТАЖА СОСТАВЛЯЕТ **76 000 ТЕНГЕ**

✓ С 2018 ГОДА ПЕДАГОГАМ ПО ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ ДОПЛАЧИВАЮТ **30%** ОТ ОКЛАДА

**ПЛАНИРУЕТСЯ**

✓ **С 1 СЕНТЯБРЯ** ОКЛАД ПЕДАГОГОВ ЗА КВАЛИФИКАЦИЮ УВЕЛИЧАТ **от 30 до 50%**



*Көкейкесті мәселе*

# ЖАРНАМА МЕН КӨРНЕКІ АҚПАРАТ АЛАҢДАТАДЫ

Шыны керек, қазіргі таңда көшедегі айқыш-ұйқыш аударма жарнамалар айтыла-айтыла жауыр болған мәселе. Өзге тілден тікелей ауда-рып, тілдік нормаларды сақтау былай тұрсын, қарап тұрып не түсінгеніңді білмей қаласың. Ал, аудармалардағы қателерді көзге шұқып көрсетіп жатса да, өкінішке орай елеп-ескеріп жатқан, түзетуге талпынып жатқан мекемелер мен жеке кәсіпкерлер бар ма деген сауал өз-өзінен туындауы заңды. Осы мәселеге байланысты Приозерск қаласындағы жеке кә-сіпкерлер нысандарындағы көрнекі ақпарат-тың мәтіндерінің тіл туралы заңнама талап-тарына сәйкестігін анықтау бойынша рейд (*түсіндіру жұмыстарының*) қорытындысы туралы Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары Жұлдыз Тиыштыбайқызы Дулатовадан сұраған едік. Ол кісі бізге төмен-дегіше толыққанды мәлімет берді. Аталмыш қортындыны газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

2018-жылдың бірінші және екінші тоқсанында Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңнамаларын жүзеге асыру жөніндегі комиссиясының 2018-жылға арналған жұмыс жоспарына және «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық!» тақырыбында жарияланған облыстық айлық аясында Приозерск қаласындағы көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай ресімделіп, орналасуын реттеу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Приозерск қаласы бойынша жарнамалардың жалпы саны – 332, оның ішінде әлеуметтік жарнама – 42, коммерциялық жарнама – 290.

2018 жылдың бірінші тоқсанында рейдке қамтылған көрнекі ақпарат саны – 50. Қамтылған 50 нысанның маңдайша жазулары заңнама талаптарына сәйкес 2 тілде жазылып орналастырылған. 2018 жылдың екінші тоқсанында рейдке қамтылған көрнекі ақпарат саны – 110, оның екеуінде: «Айгүл» сауда үйінде орналасқан М.Жантаеваға қарасты «Киім-кешек» дүкені және Л.Умароваға қарасты «Детская одежда» нысандарының маңдайша жазуы заңнама талаптарына қайшы, себебі тек орыс тілінде рәсімделгені анықталды. Аталған кемшіліктер бойынша нысан иелеріне заңнама талаптарына сәйкес көрсетілген мерзімде түзету туралы ұсыным хат берілді. Бүгінгі күнде аталған нысан иелері маңдайша жазуларын екі тілде заңнама талаптарына сәйкес рәсімдеді.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар бойынша 38 мекеме мен кәсіпорын бақыланып, барлығының маңдайша жазулары заң талаптарына сәйкес жазылып орналастырылғаны анықталды. Сонымен қатар, 2016-жылдың қаңтар айынан бастап сыртқы жарнама мен көрнекі ақпараттың, оның ішінде тауарлық жапсырмаларда мәліметтердің сауатты жазылуын қамтамасыз ету, қателердің алдын алу, орын алған қателерді түзету, мәтіндердің қатесіз, сауатты жазылуын қамтамасыз ету мақсатында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанынан тегін консультациялық көмек көрсету үшін «Жедел желі» (Call center) орталығы жұмыс істейді. Аталған қызмет туралы хабарландыру жергілікті «Приозерский вестник» газетінде, қалалық әкімдіктің және бөлімнің ресми сайттарында жарияланды. Бүгінгі күнге жедел желі қызметіне жүгінгендер саны – 8.

Өз мемлекетінің, өз тілінің ертеңін ойлайтын әр азамат атқарылып жатқан шаралардан тыс қалмайтынына сенімдіміз. Әр жеке кәсіпорын басшылары, кәсіпкерлер осы мәселеге түсінушілікпен қарап, өз нысандарындағы көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндеріндегі қателерді жөнге келтіреді деп сенеміз. Сонымен қатар, қала мекемелерін, кәсіпкерлерін және көрнекі ақпаратты орналастырушы әрбір жеке тұлғаға көрнекі ақпарат пен жарнаманы жазу кезінде, мәтін аудармасының мағынасына қарай дұрыс және мәнді, сапалы аударылып жазылғандығын және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай ресімделуі қажет екендігін ескертеміз. Заң талаптарына сай келмейтін құқықтық және грамматикалық сауатсыздықтар кездестірсеңіздер, ол туралы қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанынан тегін консультациялық көмек көрсету мақсатындағы «Жедел желі» (Call center) орталығының *8(71039)53319* телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз және барша мемлекеттік тілге жанашырлық танытатын тұрғындар мен азаматтардан заңға қайшы әрекетті байқап қалғанда бізге хабарлауын өтінеміз. Себебі бұл өзін патриотпын дейтін барша қалалықтаға ортақ мәселе деп ойлаймыз, – деп түйіндеді бөлім басшысының орынбасары сөз соңында.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі.***

**И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А**







**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 31/571. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*